КЕЛІСІЛДІ
Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы
директорының орынбасары
_____Сарсембаева А.Ж.
«26»_01_____2021 ж.

БЕКІТЕМІН
Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығының
директорының м.а.
_____ Абдикерова Б.Х.
«26»_01_____2021 ж

1201000 «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша облыстық қашықтықтан өткізілетін макеттер, стендтер, үлгілер конкурсының

ЕРЕЖЕСІ

Жезқазған 2021

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже қашықтықтан өткізілетін 1201000 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша макеттер, стендтер, үлгілер облыстық конкурсының (әрі қарай Конкурс) мазмұнын, мақсатын және міндеттерін, ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету, жеңімпаздарды анықтау жағдайларын айқындайды.

1.2. Конкурсты ұйымдастырушылар – «Жезқазған жоғарғы политехникалық колледжі» КМҚК (әрі қарай Колледж) және Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы.

1.3. Конкурсты ұйымдастырып, және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті және автомобиль мамандықтары бойынша ОӘБ қатысатын колледждердің әлеуметтік серіктестері өкілдерінен тұратын әділ қазылар жасақталады.

1.4. Конкурс қашықтықтан өткізіледі, жұмыстарды қарау және нәтиже шығару ZOOM платформасы арқылы жүзеге асады.

1.5. Жұмыстарды орындау шарттары сақталмаған жағдайда әділ қазылардың шешімімен студенттер Конкурсқа қатысудан шеттетілуі мүмкін.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

- орындалған жұмыстарды онлайн көрсету арқылы колледж студенттерінің шығармашылық қабілеттерін айқындау, студенттерге өздерінің ақпараттық технологиядағы білімдерін танытуға, оқу-танымдық, ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерін жүзеге асырудағы шығармашылық әлеуетін көрсетуге мүмкіндік беру.

Конкурс міндеттері:

- студенттердің болашақ мамандығына деген қызығушылығын арттыру.
- студенттердің шығармашылық мүмкіндіктерін белсендіру.
- дарынды студенттерге қолдау көрсету, шығармашылық және кәсіптік қабілеттерін жетілдіруге жәрдемдесу;
- мамандықтың материалдық базасын жақсарту бойынша тәжірибе алмасу;
- облыс колледждері оқытушылары мен студенттерінің арасындағы қарым-қатынасты кеңейту және ынтымақтастықты жетілдіру.

3. Конкурс қатысушылары

3.1.Конкурсқа Қарағанды облысы колледждерінің 1201000 «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша оқитын студенттері, макетті (стендті) дайындаған студент пен оның жетекшісі (оқытушы, өндірістік оқытудың шебері) қатысады;

3.2 Өткізу формасы: конкурс ZOOM платформасы арқылы қашықтықтан өткізіледі.

3.3 Конкурсқа қатысу тегін

4. Конкурсты өткізу тәртібі

4.1 Конкурс 2021 жылдың 24 ақпанында өтеді;

Қатысуға деген өтінім «Жезқазған жоғарғы политехникалық колледжі» КМҚК-на 18.02.2021 ж. дейін өткізіледі. Колледж мекен-жайы: Жезқазған қаласы, Байқоңыров көшесі, 19 үй.

Электрондық пошта: zhez-polit@krgd-edu.kz. (өтінімнің үлгісі 1 ҚОСЫМШАДА көрсетілген).

4.2 Өткізу форматы:

Конкурс қашықтықтан өткізіледі, жұмыстарды қарау және нәтиже шығару ZOOM платформасы арқылы жүзеге асады, қатысушыларға алдын ала сілтеме жіберіледі.

Анықтама үшін телефон: 8(7102) 761923; 887772026343 Есен Ардак Сейтжанович

5. Ұсынылатын материалдардың мазмұны

5.1 Конкурсқа қатысу үшін оқытушылардың жетекшілігімен студенттердің қолымен колледж жағдайында орындалған стендтер, макеттер, үлгілер ұсынылады:

- стационарлық стендтер мен макеттер үшін – 1-ҚОСЫМШАДАҒЫ үлгі бойынша;
- динамикалық модельдер, стендтер, макеттер 2-ҚОСЫМШАДАҒЫ үлгі бойынша;
- модельдер, стендтер, макеттерді бейнежазба арқылы көрсету 3-ҚОСЫМШАДАҒЫ үлгі бойынша.

Бейнежазбаның басында тақырыбы, дайындаушы туралы ақпарат (Т.А.Ә., _____ колледжінің студенті), жетекшісі туралы ақпарат (Ф.И.О., оқытушы, өндірістік оқытудың шебері) көрсетілуі тиіс.

5.2 Конкурсқа алдыңғы өткізілген конкурстарға ұсынылған стендтер, макеттер, үлгілер қабылданбайды.

6. Қорытынды шығару. Марапаттау

6.1 Конкурс нәтижелері әділ қазылардың шешімі негізінде өткізілген күні жарияланады;

6.2 Конкурс нәтижесінде келесі номинациялар бойынша 1-3 орын беріледі:

- «Үздік конструкторлық макет» номинациясы (автомобиль жүйесінің макетін дайындау, заманауи компьютерлік технологияларды пайдалануға болады);
- «Үздік креативті макет» номинацисы;
- «Көлікке қызмет көрсету технологисы» номинациясы;
- «Қауіпсіз көлік» номинациясы.

Жеңімпаздар Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының дипломдарымен марапатталады.

Методист УМЦ РО КО

1 ҚОСЫМША

1201000 «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша облыстық макеттер, стендтер, үлгілер конкурсына қатысу

өтінімі

_____

(оқу орнының атауы)

_____

Макет, стенд немесе үлгінің атауы	Студенттің Т.А.Ә., (толық)	Жетекшінің Т.А.Ә., байланыс телефоны (толық)
1.		
2.		
3.		

_____

Өтінім беру күні _____

Оқу орнының басшысы _____ / Т.А.Ә./
Колледж мөрі қолы

2 ҚОСЫМША

Ұсынылған макеттер сипаттамасының үлгісі

Колледж атауы	Макет, стенд немесе үлгінің атауы	Студенттің Т.А.Ә., (толық)	Жетекшінің Т.А.Ә., (толық)	Сипаттамасы (міндеті, қай пәнді оқытуда пайдаланылатыны және т.б.).	Ескерту (фото немесе бейнежазба)
	1				
	2				
	3				

3 ҚОСЫМША

Дайындалған макет, стенд, үлгі бойынша оның жұмыс істеу процессі бойынша бейнежазба ұсынылады. Бейнежазбаның басында тақырыбы, дайындаушы туралы ақпарат (Т.А.Ә., _____ колледжінің студенті), жетекшісі туралы ақпарат (Ф.И.О., оқытушы, өндірістік оқытудың шебері) көрсетілуі тиіс.

1.Бейнежазба ұзақтығы - 2-3 минут.

2.Конкурсқа монтаждаусыз, кадр жабсырмасы жоқ, аудио жолдары қабаттастырылмаған бейнежазбалар қабылданады.

3. Конкурстық бейнежазбалар басынан аяғына дейін тоқтатусыз жазылуы тиіс. Тоқтатылуы бар бейнежазбалар конкурсқа қабылданбайды.

4. Конкурсқа төмен сапалы бейнежазбалар (бөтен шу, анық емес жазбалар) және 720 пиксельден төмен тұнықтықпен жазылған бейнебаяндар қатыстырылмайды.